

**"Қазақстан Республикасының ұлттық валютасын қолданудың кейбір мәселелері туралы
" Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 7 ақпандағы № 549 Жарлығына
өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 9 қарашадағы № 170 Жарлығы
Қазақстан Республикасы Президенті
мен Үкіметі актілерінің жинағында
және республикалық баспасөзде
жариялануға тиіс

«Қазақстан Республикасының Президенті туралы» 1995 жылғы 26 желтоқсандағы
Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы 19-бабының 8) тармақшасына
с ә й к е с **Қ А У Л Ы** **Е Т Е М І Н :**

1. «Қазақстан Республикасының ұлттық валютасын қолданудың кейбір мәселелері
туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 7 ақпандағы № 549
Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2001 ж., № 6, 56-құжат; 2009 ж.,
№ 33, 308-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:
2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Қолма-қол тиындарды ақша айналымынан алу 2012 жылғы 31 желтоқсанға дейін
қоса алғанда жүзеге асырылады деп белгіленсін.».

2. Осы Жарлық алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен
соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Президенті Н. Назарбаев